

С. Қ. БЕРДІБАЕВА

# ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы



ӘОЖ 159.9(075.8)

КБЖ 88.37я73

Б 45

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі;*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы  
ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық  
және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары  
Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

психология ғылымдарының докторы, профессор *Н.С. Ахтаева*  
психология ғылымдарының докторы, профессор *О.С. Саңғылбаев*  
психология ғылымдарының докторы, профессор *М.А. Перленбетов*

**Бердібаева С.Қ.**

Б 45 Тұлға психологиясы: оқу құралы. – Өнд., толықт.  
2-басылым / С.Қ. Бердібаева. – Алматы, 2016. – 154 б.

**ISBN 978-601-04-1722-9**

Оқу құралында психология ғылымында зерттелінген тұлға түсінігіне жан-жақты талдау берілген, шетелдік және отандық қазіргі психологиядағы тұлға түсінігінің психологиялық табиғаты ғылыми дәрежеде толық мазмұнда ашылған. Оқу құралында тұлғаның психодиагностикасына байланысты практикалық бағытта талдаулар берілген. Қазіргі әлемдік психологиядағы парадигма негізінде тұлға түсінігі психологиялық теориялары арқылы ғылыми негізде талданып берілген. Оқу құралы психология бөлімінде оқитын магистранттарға, студенттерге және психолог мамандарға арналады.

**ӘОЖ 159.9(075.8)**

**КБЖ 88.37я73**

ISBN 978-601-04-1722-9

© Бердібаева С.Қ., 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

«Құдай оны әлемнің ортасына қойып, былай деген:  
«Сен қалауың бойынша өз бейнеңді қалыптастыруың  
үшін мен сені бірде аспандық, бірде жердік, бірде  
ажалды, бірде ажалсыз етіп жасамадым».  
О, адамға берілген қандай керемет бақыт десеңші,  
кім болғың келсе, өз қалауың біледі!»

*Пико делла Мирандола*

## КІРІСПЕ

Оқу құралының негізгі мақсаты: тұлғаны психологиялық танымы пәні ретінде талдау, адамның тұлға ретіндегі психологиялық сипаттамасын негіздеу, тұлғаның психологиялық қасиеттері мен құрылымдарын жаңа қазіргі ғылыми білімдер жүйесінде талдау.

Адам тұлғасын дұрыс түсіну үшін ол өмір сүретін кеңістікті кең контексте қарастыру қажет, ол контекст адам мәселесі болып табылады.

Тұлға психологиясы басқа психологиялық білім саласына қарағанда өте жас ғылым болып табылады. Дәстүрлі вундтық психологиясына жауап ретінде ХХ ғасырдың басында дами бастады.

Психологиядағы дағдарыстың өзі осы тұлға психологиясының туындауымен байланысты болды. Тіпті, сонау 1931 жылы Л.С. Выготский былай деп жазды: «Осы күнге дейін психологияның басты негізгі мәселесі ол тұлға психологиясы және оның дамуы болып отыр». Психология ғылымында тұлға категориясы базалық ұғымдарға жатады. Алайда тұлға ұғымын жалғыз психология ғана емес, басқа да қоғамдық ғылымдар зерттейді. Тұлға жайлы түсініктердің арақатынасы мен көптігі ол түсініктің көпөлшемділігі, көпқырлылығы және біржақтылығы сияқты маңызды сипаттамаларымен байланысты.

Тұлға теориялық және қолданбалы психологияның негізгі мәселесі болып табылады. Тұлғаның психикалық қасиеттері мен қатынастарын сипаттау (жалпы психология), адамдар арасында-